

Еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекші туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі 1994 жылғы 25 шілде N 9. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1994 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 9. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау туралы" Заңының 16-бабын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі қаулы етеді :

1. Басшылардың мамандар мен қызметшілер лауазымдарының "Жетекшілер" атты Біліктемелік анықтамалығының I- беліміне "Еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекші лауазымы" енгізілсін.

2. Еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекшінің беріліп отырған біліктемелік сипаттамасы бекітілсін.

3. Еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекшінің еңбегіне ақы 12-15 разрядтар аралығында тарифтелетін болсын.

4. Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 /қаулысына /3-бабына/ сәйкес орынбасардың ставкасы жетекшіден 10-20 процент төмен болып белгіленсін.

Министр

Қосымша

Еңбекті қорғау жөніндегі

**б а с
техникалық жетекші**

Лауазымдық міндеттері: Кәсіпорында еңбекті қорғау жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Әдістемелік басшылық жасайды және кәсіпорынның барлық бөлімшелерінде еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз етеді. Еңбек туралы зандардың, қауіпсіздік жөніндегі стандарттардың, ережелер мен нормалардың, жоғарыда тұрған органдардың қаулылары мен өкімдерінің, мемлекеттік қадағалау органдарының нұсқауларының сақталуын ұйымдастырып, бақылау жасайды. Бөлімдер мен қызметтердің басшыларына қауіпсіздік ережелері мен нормаларды байқалған бұзуларды және жұмысты ұйымдастырудагы кемшіліктерді, болдырмау жөнінде нұсқау береді. Жұмыс істеушілердің өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда жекелеген участекелерде, машиналарда, тетіктер мен станоктарда

жұмыс істеуге тиым салады. Қауіпсіздік ережелері мен нормаларын бұзған адамдарды /тиісті бөлімшелердің басшылары арқылы/ жұмыстан шығарады. Бақытсыз жағдайларды зерттеп-тексеруге қатысады, олардың алдын алу жөнінде шаралар әзірлейді. Осы шаралардың орындалуына бақылау жасайды. Еңбек жағдайын жақсартудың кешенді жоспарын әзірлейді және оның орындалуына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау жөніндегі кәсіпорынның жұмысы туралы жиынтық есептер, ақпараттар, анықтамалар дайындаиды. Жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттардың, ереже стандарттар мен нұсқаулардың жобаларын әзірлеуге қатысады. Оларды өзгерту мен толықтыру жөнінде ұсыныс дайындаиды. Кәсіпорынның еңбек жағдайларын жақсартатын жабдықтармен және тетіктермен, сол сияқты ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарымен жарақатталуына бақылау жасайды. Өзінің құзыретіне кіретін мәселелерге байланысты қызметкерлердің ұсыныстары мен өтініштерін қарайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау туралы" заңын, жоғарыда тұрған органдардың қаулы, өкім, бұйрықтарын, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен өрттен қорғану жөніндегі әдістемелік және басқа да басшылықты материалдарды; кәсіпорынның өнім өндірісінің негізгі техникалық процестерін; жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерттеу әдістерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен өртке қарсы қорғаныс жұмыстарын ұйымдастырады; жұмыс ауырлығының санатын ескере отырып, қызметкерлерге психофизиологиялық талаптарды, жеңіл жұмысқа көшірілген әйелдердің, жасөспірімдердің, жұмысшылардың еңбегін пайдалануды шектеуді; қанағаттанғысыз еңбек жағдайларында жұмыс істеушілерге тиесілі жеңілдіктер мен өтемақыларды; кәсіпорында қолданылатын жабдықтардың пайдалану ерекшеліктерін; жұмысты қауіпсіз жүргізу талаптарына орай жабдықтың техникалық жай-күйіне сәйкес ережелер мен бақылау құралдарын; еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша отандық және шетелдік озық тәжірибелі; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі жөніндегі насиҳат пен ақпараттың әдістері мен нысандарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі өндірістік санитария мен өртке қарсы қорғаныс жөніндегі шаралардың орындалуы туралы есептемелер жасасудың тәртібі мен мерзімдерін; Экономиканың негіздерін, еңбектің, өндіріс пен басқарудың ғылыми ұйымдастырылуын; еңбек зандарының негіздерін;

Біліктілік талаптары: Жоғары арнаулы білім және еңбекті қорғау жөніндегі инженерлік лауазымда жұмыс стажы 5 жылдан кем болмауы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК